КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 10 тамыз №5265-23-00-2/1678 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Л.Н.Калдиеваның төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитеті «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«РОССНАБКОМ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2.тұрақсыздықты өндіру

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

1) Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттемелер міндеттеменің шартына және заң талаптарына сәйкес, тиісінше орындалуы тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 3)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Аталған Заң нормасының 5-тармағына сай осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Жауапкер мемлекеттік сатып алу туралы 2023 жылғы 11 мамыр № 31 гз-252 шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған, белгіленген мерзімде тауар жеткізбеген.

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 10.08.2023
Заңды күшіне енген күні: 19.09.2023, судья Калдиева Л. Н., 19.09.2023
5265-23-3-1/1853

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Осыған байланысты, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

2) АК-нің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл) - заңнамамен, немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда, немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспауға тиіс.

Сондықтан сот жауапкерден талап қоюшының пайдасына тауар жеткізбегені үшін 8 күнге есептелген 6 450 теңге мөлшерінде тұрақсыздық өндірілуге жатады деп санайды (806 197,28*0,1%*8).

Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 109-бабына сәйкес жауапкерден талап қоюшының пайдасына 756 теңге мемлекеттік баж төлеу бойынша сот шығыстары өндіру қажет.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекеттің пайдасына 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитеті «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«РОССНАБКОМ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «РОССНАБКОМ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен талап қоюшы Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитеті «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның пайдасына 6 450 (алты мың төрт жүз елу) теңге тұрақсыздық төлемі мен 193 (бір жүз тоқсан үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«РОССНАБКОМ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына 1 725 бір мың (жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 10.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 19.09.2023, судья Калдиева Л. Н., 19.09.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы келтіруі мүмкін.

Судья **Л.Н.Калдиева**

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 10.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 19.09.2023, судья Калдиева Л. Н., 19.09.2023

5265-23-3-1/1853